

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 767

Итбалықтардың жаппай қырылуынан пайда болған төтенше жағдайдың қалыптасуына байланысты және халықтың және жануарлардың арасында жұқпалы аурулар таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Маңғыстау облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен, итбалықтардың жаппай қырылуына және Каспий теңізі су айдыны мен оның жағалауында халықтың және жануарлардың арасында болуы мүмкін жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуге байланысты төтенше жағдайларды жоюға 10,0 (он) миллион теңге б ө л с і н .

2. Маңғыстау облысының әкімі 2000 жылдың үшінші тоқсанының

қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы есеп ұсынсын.

3. Бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК